



МАХАМБЕТ ЖАСТАРЫ тағы да **ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА**

Батыс Қазақстан облысының жоғары оқу орындары арасында өткен «Жастар қалқаны – 2025» пікірсайыс турнирінде М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың «Ақиқат» ПО пікірсайысшылары жеңіске жетті.

Филология факультетінің студенттері ой ұшқырлығы мен шешендік қабілеттерінің арқасында турнирдің жеңімпазы атанды. Сонымен қатар БҚУ студенті Қарғабаева Маржан «Үздік төреші» номинациясын иеленді. Бұл — тек жеке жеңіс емес, университет жастарының білім мен азаматтық белсенділігін көрсететін үлкен жетістік.



РЕСПУБЛИКАНСКАЯ СТУДЕНЧЕСКАЯ ОЛИМПИАДА: триумф знаний, творчества и вдохновения



ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ!

Университет қабырғасында академик Е.Бөкетовтың 100 жылдығына және Ғылым қызметкерлері күніне арналған 82-ші республикалық студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияның пленарлық отырысы өтті.

Жиында университеттің 2024-2025 жылдардағы ғылыми жетістіктері таныстырылып, әдеби өлкетану, экология, аграрлық сектор сынды салалардағы өзекті ғылыми зерттеулер ұсынылды. Пленарлық отырыс аясында ғылым мен білім саласына ерекше үлес қосқан ұстаздар мен қызметкерлерге марапаттар табысталды. Атап айтсақ, «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісі, «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» медалі, «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі, «Ғылым үздігі» құрмет дипломы, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты берілді. Сонымен қатар жастардың ғылыми-іскерлік әлеуетін қолдауға бағытталған «Start-up WKU» байқауы жеңімпаздары да арнайы марапаттарға ие болды.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАР



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің жаратылыстану-география факультетінде «БҚО сүтқоректілерінің биоалуантүрлілігі және олардың экологиялық мәселелері» тақырыбында республикалық ғылыми-әдістемелік семинар өткізілді. Іс-шара ҚР оқу ағарту ісінің үздігі, БҚО тұңғыш териологы, еңбек ардагері, б.ғ.к., доцент Иркалиева Рауза Мусимқызын еске алуға арналып, ғалымның туғанына 80 жыл толуына ұйымдастырылған.

Іс-шараға республикамыздың ЖОО-ның ғалымдары, студенттер мен магистранттар, докторанттар және ғылыми орталықтардың басшылары, биология мамандары қатысты. Семинарға қатысушылар Роза Мусимқызының зоология ғылымына қосқан баға жетпес үлесін кеңінен атап өтті. Ұлы ғалымның бүгінде қазақстандық ғылымды дамытатын көптеген ізбасарлары бар және біз өз ісіне берілген ғалымдарымызды, ғылымның дамуына зор үлес қосатын өз елінің нағыз патриоттарын мақтан тұтамыз. Семинарды ұйымдастыруда үлкен үлес қосып, бағыт-бағдар көрсеткен кафедрамыздың ардагер ұстазы Канжан Беймуханқызына алғысымызды айтамыз. Биология ғылымдарының докторы, профессор Талшын Есенаманқызына, б.ғ.к., академиялық мәселер жөніндегі проректор Гульжахан Смайлықызына, барлық ардақты ұстаздарымыз, құрметті оқытушыларымызға алғыс айтып, шығармашылық табыстар тілейміз.

Махамбет университетінде белгілі режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров, театрдың танымал актерлері және біздің талантты студенттер басқосқан бірегей шығармашылық кеш өтті.

Университетімізде ерекше шығармашылық кеш өтті

Қонақтар театр сахнасынан әсерлі көріністер ұсынып, актерлік шеберліктің қыр-сырымен бөлісіп, қойылымдардың қалай жасалатынын әңгімеледі. Студенттер жай ғана тыңдап қоймай, шынайы өнер атмосферасына еніп, театр сиқырының қалай туындайтынын өз көздерімен көріп, жаңа шығармашылық жетістіктерге жігер алды. Асхат Маемиров болашақ өнер иелеріне құнды кеңестер беріп, таланттың тек бастамасы екенін, ал шынайы жетістікке үздіксіз ізденіс пен еңбек арқылы жетуге болатынын атап өтті. Қонақтар өздерінің табыс құпияларымен бөлісіп, жастарға шабыт сыйлады. Егер сен сахнаға, өнерге, шығармашылыққа ғашық болсаң – бұл жер сенің талантыңды ашуға көмектеседі! Махамбет университеті – армандар шындыққа айналатын орын!

Айару БЕЙБІТҚЫЗЫ,
ФИЛ-12 студенті



Ғылыми кітапхана қоры жаңа әдебиеттермен толықты

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ғылыми кітапханасы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, халқымыздың аяулы ақыны Марфуға Бектемированың өлеңдер жинақтарымен толықты. Ақынның терең тебіреніс пен шынайы сезімге толы жырлары – ұлттық әдебиетіміздің асыл мұрасы. Жаңадан түскен бұл жинақтар – поэзия сүйер қауым үшін рухани байлықтың қайнар көзі.

Ақын шығармаларында туған жерге деген сүйіспеншілік, ана тіліне, елге, Отанға деген махаббат ерекше айқын көрініс табады. Кітапхана қорына енген туындылар оқырмандарға ақынның көркемдік әлемін тереңірек танып, ұлттық поэзияның бай мұрасын бағамдауға мүмкіндік береді. Студенттер мен оқытушылар қауымы, сондай-ақ әдебиетсүйер жандар бұл жинақтардан шабыт алып, рухани қуат алары сөзсіз. Университет ғылыми кітапханасы барша оқырманды ақын шығармашылығымен жақын танысуға шақырады. Ұлт руханиятының көркем айнасына айналған Марфуға Бектемирова шығармаларын бірге оқып, бірге бағалайық!

24 апреля 2025 года Западно-Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова стал площадкой международного события — официального визита Чрезвычайного и Полномочного Посла Литовской Республики в Республике Казахстан господина Эгидиоса Навикаса. Эта встреча стала продолжением укрепления двусторонних связей в сфере образования, науки и культуры.

Диалог культур и знаний: в ЗКУ имени М. Утемисова Посол Литвы

Почетного гостя сопровождали Атташе по транспорту Александрас Ступенко, Почетный консул Литовской Республики в Республике Казахстан Жаслан Джакупов, а также помощник Дина Куанышбекова. Делегацию торжественно встретили представители руководства университета и студенты образовательной программы «Международные отношения».

Во время встречи господин Навикас представил подробную информацию о Литовской Республике,

ее образовательной системе и возможностях академического сотрудничества. Студентов особенно заинтересовали вопросы международных стипендий, а также перспективы участия в совместных проектах в сфере науки и образования. Посол подчеркнул, что Литва открыта для диалога и заинтересована в развитии связей с казахстанскими вузами.

«В современном мире международное сотрудничество в сфере образования — это инвестиция в устойчивое

будущее наших стран», — отметил господин Навикас в беседе со студентами. Его выступление вызвало живой интерес и стало вдохновляющим примером того, как дипломатия и образование могут идти рука об руку.

В завершение визита гости посетили Музей археологии ЗКУ, где ознакомился с археологическими находками региона и достижениями университетских исследователей, подчеркнув важность сохранения историко-культурного наследия.

Такие визиты — это не только способ обмена знаниями, но и возможность для студентов увидеть реальные перспективы своей будущей профессии. Общение с дипломатом высокого ранга вдохновило будущих специалистов в области международных отношений и показало, насколько важна открытость к новым возможностям.

Западно-Казахстанский университет продолжает активно развивать международное сотрудничество, формируя пространство для академического и культурного диалога.



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Ұлттық құндылық. Қазақ этнографиясы. Зейнолла Сәнік - 90 жыл» атты республикалық экспедицияның батыс өлкесіндегі кезекті жиыны өтті.

Есенғали Раушанов атындағы шәкіртақы тапсыру рәсімі



Жиынға ақын, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов бастаған экспедиция мүшелері, сонымен қатар одақтың облысымыздағы филиалының төрағасы Бауыржан Ғұбайдуллин, одақ мүшелері, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің проректоры Мерген Қуанышұлы, профессор-оқытушылар құрамы және облысымыздың Айтқали Нәріков, Дариға Мұштанова, Қазбек Құттымұратұлы, Мира Сүйіншәлиева сынды ақын-жазушылары қатысты. Аталмыш жиында Зейнолла Сәніктің мұрасы қазақ этнографиясы жайында сөз қозғалды, тарих ғалымдарының докторы, этнолог Тоқтабай Ахмет Уәлханұлы көрнекті жазушы, қазақтың төл әдебиетін жинап зерттеген Зейнолла Сәнік туралы

естеліктермен бөлісті және Зейнолла Сәнік атындағы мәдени қор тағайындаған ақын Есенғали Раушанов атындағы шәкіртақы иегері анықталып, марапаттау рәсімі орын алды. Шәкіртақы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, филология факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі» БББ 3-курс студенті, жас ақын Темір Нұрданаға табысталды. Жиын соңында республикалық экспедиция жайында қорытынды сөз сөйленіп, алдағы жоспарларымен бөлісті. Экспедиция әрі қарай батыс өлкесінің басқа да қалаларында жалғасын таппақ.

Альбина АХАНОВА,
Филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан
орынбасары

СТУДЕНТТІК СТАРТАПТАР БАЙҚАУЫ

Махамбет университеті қабырғасында Ғылым қызметкерлерінің күні қарсаңында студенттерге арналған Start-up WKU жобалар байқауы өтті. Байқаудың басты мақсаты – жас өнертапқыштар мен креативті ой иелерінің тың идеяларын қолдау, оларды нақты әрі өміршең бизнес-жобаларға айналдыруға жол ашу. Іс-шара барысында студенттер өз стартаптарын ұсыну арқылы тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларын, көшбасшылық және презентациялық қабілеттерін де көрсетті.



Start-up WKU – университет тарапынан жастардың инновациялық әлеуетін арттыруға бағытталған ұзақ мерзімді стратегия. БҚУ ректоры Н.Серғалиев атап өткендей: «Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Біз әрбір жасқа өз идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін экожүйе қалыптастыруға мүдделіміз». Байқауға 20-дан астам жоба қатысып, іріктеуден 8-і өтті. Олардың негізгі бағыттары: IT-технологиялар және цифрлық құралдарды қолдану арқылы өмірді жеңілдету; «Жасыл экономика» және экологиялық таза, орнықты шешімдер; әлеуметтік кәсіпкерлік пен инклюзивті бизнес-модельдер арқылы қоғамға оң әсер ету. Үздік деп танылған жобалар университет жанындағы стартап-инкубатордың менторлық және техникалық қолдауына ие болады. Сондай-ақ жеңімпаздар өз стартаптарын ары қарай дамыту үшін инвесторлармен және сарапшылармен жеке жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ МІНБЕРІ: Ел жаңғыруының бағдарлы басымдықтары

Абылай ханның ақ туы тігілген қасиетті Көкше жерінде, қастерлі бауырмал Бурабай баурайында ел болашағын айқындайтын стратегиялық институттың біріне айналған Ұлттық Құрылтайдың IV кеңесі өтті. Алқалы жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдің алдағы бағдарын айқындап берді. Онда кейінгі кезде қоғамда қызу талқыландырылған өзекті мәселелерден бастап еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси бағдарына қатысты басымдықтар жан-жақты қамтылды. Жалпы Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай туралы бастаманы 2022 жылы өз Жолдауында көтеріп, оны елді жаңғыртудың тиімді тетіктерінің бірі ретінде ұсынған-ды. Содан бері мемлекетімізде түбегейлі өзгерістер қолға алынып, кешенді саяси реформалар іске асырылуда. Мемлекет басшысы осы ауқымды жұмысқа Ұлттық құрылтай мүшелері зор үлес қосқанын атап өтіп, бұл бастама арқылы қоғамдық диалогтің жаңа үлгісі қалыптасқанын айтты.

Президент көптің назарына ілінген салық реформасына қатысты пікірін білдірді. Бұл ретте Қазақстан әлеуметтік мемлекет екені, егер бюджетте қаржы болмаса, тиісті міндеттемелер толық орындалмайтыны, ал салық осы жүйенің басты тірегі саналатыны айтылды. Сондықтан Мемлекет басшысы Үкімет ұсынған жаңа тәсілдерді халыққа егжей-тегжейлі түсіндіру ісіне баса мән берді. Президент салықтан жалтару үшін бизнесін бөлшектейтіндерге және заңнамада соған жол беретін олқылықтарға назар аударып, тиісті заңдарға жедел түрде қажетті түзетулер енгізуді тапсырды.

Құрылтай отырысында еліміздегі діни ахуал мен жат ағымдарға тосқауыл қою мәселесіне ерекше мән берілді. Президент атап өткендей, діннің аса маңызды миссиясы – ұлтты ұйыстыру. Сондықтан діни ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттар аталған талапқа сай болуға тиіс. Осы мәселені жан-жақты қарап, заңнаманы жаңа жағдайға бейімдеп отыру ерекше мәнге ие. Бұл салада да ел Президентінің: *«Теріс ағымдарға, қазақтың болмысына жат идеологияларға тосқауыл қою қажет екеніне еш күмән жоқ. Елімізде дін бостандығына кепілдік берілген. Бірақ жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке жол беруге болмайды. Діннің аса маңызды миссиясы – ұлтты ұйыстыру. Діни ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттар осы талапқа сай болуға тиіс. Бұл мәселені жан-жақты қарау керек. Соның ішінде заңнаманы жаңа жағдайға бейімдеп отыру өте маңызды»* деуі аса орынды.

Ұлттық құрылтайда Президент идеологиялық бағыттағы басымдықтарды да айқындап берді. Бұл орайда кино өндірісіне жіті мән беріп, дайын фильмдерді экранға шығармас бұрын ұлттық мүдде тұрғысынан мұқият зерделеудің берері мол екені анық. Президент: *«Қазір кинотеатрда көрсетілетін фильмдерге қатысты қоғамдық сын бар. Былтыр қазақстандық мамандар түсірген 94 фильм шыққан, яғни, негізінен*

өзіміздің өнім шығарылып жатыр. Бұл – жақсы үрдіс. Бірақ біз ең алдымен санға емес, сапаға көңіл аударуымыз керек. Көрерменнің көңілін көтеріп, күлкі сыйлау – бір бөлек, жағымсыз әдеттерді насихаттау – бір басқа. Зорлық-зомбылықты, қатыгездік пен қылмысты насихаттайтын фильмдер де пайда болды. Осы жерде бір нәрсені ескерген жөн. Бүгінде фильмдердің басым көпшілігі мемлекеттік тапсырыспен емес, жеке қаржыға түсірілуде. Кино маңызды идеологиялық құрал екенін бәріміз жақсы түсінеміз. Сондықтан жеке қаржыға түсірілсе де, фильмді кинотеатрларға шығармас бұрын алдын ала сараптаудан өткізу жолдарын қарастырған жөн», - деді.

Биыл Жұмысшы мамандықтар жылы аясында көптеген іргелі бастама қолға алынып жатыр. Осы бағытта кәсіби-техникалық колледждер жаңа мамандықтарға сұранысты және еңбек нарығындағы жағдайды ескеруге тиіс. Мемлекет басшысы өз сөзінде осы мәселені баса айтты. Ол өз сөзінде: *«Өздеріңіз білесіздер, мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияладым. Бұл – кәсіптік және техникалық білім беру саласын жаңғыртуға және жұмысшы мамандардың қоғамдағы беделін арттыруға арналған маңызды шешім. Жастардың мүмкіндігін арттырып, кәсіби бағыт-бағдар беруге баса назар аудару қажет. Олардың сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарды меңгеруіне жағдай жасау керек. Бұл – өңір басшыларының бәрінің міндеті»*, - деп түйіндеді.

Білім беру ісін дұрыс тәрбиеге негіздеу арқылы озық ойлы ұрпақ, адал азамат қалыптастыру аса маңызды екені нақты айтылды. Бұл ретте де Президент: *«Озық ойлы ұрпақ өсіру үшін білім мен тәрбие әрдайым қатар жүруі керек»*, - дей келе, *«Ашығын айтсақ, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек назар аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Бұл салаға тиісті деңгейде көңіл бөлінбей келді. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сондықтан біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды. Былтыр мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Бағдарламаны қабылдау – істің басы ғана. Енді жаңарған құжатты еліміздегі барлық мемлекеттік білім ошағына енгізу керек. Оны алдағы уақытта жекеменшік мектептер де басшылыққа алуға тиіс. Себебі тәрбие жұмысы балаларды түгел қамтуы қажет. Сонда ғана бұл бастама жалпыұлттық ауқымға ие болады. Жобаның түпкі мақсаты – отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Мұның бәрі – адал азаматқа тән қасиеттер. Құрылтай мүшелері алдағы уақытта осы бағдарламаны «Адал азамат» деп атауды ұсынып отыр. Мен бұл ұсыныспен толық келісемін»*, - деуі құптарлық.

Құрылтай кеңесінде аймақтардағы экономиканың өркендеуіне серпін беретін жаңа мүмкіндіктерге жол ашу және өңірлердің Даму деңгейіндегі теңсіздікті жою

бүгінде мемлекет алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі ретінде белгіленді. Мемлекет басшысы атап өткендей, биыл экономиканың нақты секторына жұмсалатын қаржы көлемін екі есеге жуық көбейтіп, 8 трлн теңгеге дейін жеткізу жоспарланып отыр. Алдағы жылдары Үкімет нақты секторға бөлінетін қаржы көлемін 10 трлн теңгеге дейін жеткізуге тиіс. Соның аясында бизнесті қолдаудың елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды шаралары қолға алынады. Президент елімізде іске асырылып жатқан ірі инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларға жеке тоқталып, мұның бәрі еліміздің аймақтағы көшбасшылық рөлін арттыра түсетін маңызды қадамдар екенін айтты. Шекара маңындағы аудандарды дамыту туралы заң қабылдау, аймақтардың дамуындағы алшақтықты жою үшін әзірленіп жатқан Өңірлерді дамыту тұжырымдамасын жан-жақты пысықтау, ғылым қалашығын құру жөнінде заң жобасын әзірлеу және ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдауға арналған арнайы заң даярлау мәселелері қозғалды. Экологияны қорғау және жан-жануарлар дүниесін сақтау туралы да нақты ұсыныстар айтылды. Соның ішінде Биологиялық әралуандықты қорғау қорын құру бастамасы іргелі жоба екені анық. Шын мәнінде, оған Президенттің басшылық жасауы аталған ауқымды жұмыстың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Қасым-Жомарт Кемелұлы құрылтай мәжілісінде еліміздің төрт саладағы орасан зор мүмкіндігі туралы да айтты. Олар: *цифрландыру ісі мен жасанды интеллект; көлік тасымалы, энергетика; агроөнеркәсіп кешені және адам капиталы*. Мұның бәрі – еліміздің жаңа әлемдегі орнықты дамуына ықпал ететін негізгі факторлар. Осы ретте Мемлекет басшысының Ядролық энергетика агенттігін құру туралы шешімі еліміздің ядролық кластер ретінде қалыптасуына жол ашатынын атап өткен жөн.

Қуанарлығы, жыл сайын құрылтайдың мәні артып, мазмұны кеңейіп келеді. Биыл көтерілген ауқымды мәселелер мен белгіленген маңызды міндеттер соған дәлел. Бұл басым бағыттар Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Қуатты Қазақстан құру идеясын іске асыру үшін қолға алынған кешенді бастамалар екені анық. Біздің алдымызда тұрған ендігі міндет – осы іргелі істерді жүйелі түрде жүзеге асырып, Отанымызды одан әрі өркендету. Демек, аталған маңызды міндеттерді орындау жолында күллі халқымыздың белді өкілі ретінде Махамбет бабамыз атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессор-оқытушылар құрамы, магистрант-студент жастары қарқынды белсенділік танытып, ел дамуына өз үлесімізді қосуға тиіспіз.

Абам ҚЫДЫРШАЕВ,

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Қоғамдық даму департаментінің директоры, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Тағылымды кездесу өтті

Махамбет университетінде ҚТӨ-15 тобының ұйымдастыруымен «Ұлы Отан соғысының 80 жылдығы: тарих пен замана сұхбаты» атты тәрбиелік-танымдық іс-шара өткізілді. Бұл іс-шара – ел тарихындағы ең ауыр да қасіретті кезең – Ұлы Отан соғысына қатысқан өрлердің ерен ерлігін ұлықтау, кейінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Іс-шараның құрметті қонағы ретінде Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлімшесі – М.Мәметова мемориалдық музейінің меңгерушісі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Үздік өлкетанушы» төсбелгісінің иегері Ахмедияр Қуанұлы Батырханов шақырылды. Ахмедияр Қуанұлы кеш барысында соғыс жылдарындағы тарихи оқиғалар, Батыс Қазақстан өңірінен шыққан батырлар, әсіресе Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың өмір жолы мен қаһармандық ерлігі туралы кеңінен әңгімеледі. Сонымен қатар студенттер тарапынан қойылған түрлі тарихи және өлкетанулық сипаттағы сұрақтарға нақты әрі мазмұнды жауаптар берді. Іс-шара аясында студенттер де өздерінің ізденіс жұмыстарын ортаға салып, батырлар туралы баяндамалар мен көркем шығармалардан үзінділер ұсынды. Бұл – жас ұрпақтың тарихқа деген қызығушылығы мен отансүйгіштік қасиетінің жоғары екендігін көрсетеді. Кездесу соңында университет ұжымы атынан Ахмедияр Қуанұлына алғыс хат табысталып, естелік суретке түсіп, қатысушыларға естен кетпес әсер қалдырды. Мұндай тағылымды іс-шаралар – өскелең ұрпақтың ел тарихын терең түсініп, өткенге құрметпен қарауына, болашаққа нық сеніммен қадам басуына берік негіз қалайды.



РЕСПУБЛИКАНСКАЯ СТУДЕНЧЕСКАЯ ОЛИМПИАДА: триумф знаний, творчества и вдохновения

Олимпиада началась с яркого открытия, которое погрузило всех присутствующих в атмосферу праздника. Ведущие Ким Юлия и Букатов Саид тепло приветствовали участников и гостей, подчеркнув важность этого события. «Сегодня здесь собрались самые яркие, талантливые и целеустремленные студенты со всей республики – те, кто готов бросить вызов сложным задачам, проявить себя и показать свои лучшие качества!» – отметила Юлия.

Особое внимание было уделено месту проведения – городу Уральску, который стал символом богатой истории и современного развития. Студенты русской филологии Инкар, Абылай и Асель рассказали о роли Уралья в развитии культуры и образования Казахстана, о связи Уралья с А.С.Пушкиным, о роли Владимира Даля. Этот исторический экскурс не только познакомил участников с уникальным наследием города, но и вдохновил их на новые свершения.

На мероприятии выступили почетные гости, включая проректора по академическим вопросам Западно-Казахстанского университета к.б.н., доцента Гульжахан Смаиловну Кайсағалиеву, которая тепло поприветствовала всех участников и пожелала им успехов. Гостями мероприятия также стали вице-консул Российской Федерации в Уральске Константин Владимирович Погорельский, директор музея «Старый Уральск» Геннадий Леонидович Мухин, журналист Галина Манцева, учитель СОШ №23 Сусорова Елена Геннадьевна.



Под энергичную музыку Юлия и Саид с энтузиазмом представляли каждую команду, подчеркивая их достижения и потенциал. Были представлены руководители команд, которые поддерживают своих студентов на пути к успеху, и члены жюри, которым в эти два дня нужно будет оценивать знания в области лингвистики и литературы, научный потенциал и креативность команд.

Продолжилось мероприятие яркими творческими номерами. Дуэт Дуйсенбай Куттыбека и Бейсова Диаса исполнил композицию «Попурри», а студенты первого курса филологического факультета представили танец «Заманауи би». Музыка и танцы создали атмосферу радости и вдохновения, зарядив всех энергией для дальнейших испытаний.

Олимпиада включала три тура, каждый из которых проверял разные аспекты знаний и навыков участников.

Первый тур включал работу с текстом по трем направлениям: лингвистический

В сердце Приуралья, где история встречается с современностью, а традиции переплетаются с инновациями, прошла XVII Республиканская студенческая предметная олимпиада по направлению подготовки «Русский язык и литература».

Мероприятие, организованное на базе Западно-Казахстанского университета имени М. Утемисова, стало настоящим праздником для всех участников, гостей и организаторов. Это был не просто конкурс – это площадка для обмена идеями и дружбы, где студенты со всей республики смогли раскрыть свой потенциал.



анализ языковых единиц, выявление особенностей художественного стиля писателя и составление заданий для обучающихся с использованием новых подходов в преподавании.

Этот тур требовал глубоких знаний

мультимедийные презентации на тему: «Словарь – единственный объективный источник исторических сведений. Язык сохраняет Летопись Мира» (О. Сулейменов). Эти слова известного казахского поэта, писателя и мыслителя стали отправной точкой для размышлений о роли языка как хранителя культурной памяти и исторического наследия человечества.

Участники создали уникальные работы, сочетающие глубокий смысл и креативный подход. Презентации длились всего пять минут, но каждая команда смогла за это время поразить зрителей своей находчивостью, актерским мастерством и техническим исполнением.

Третий тур стал символом того, как

Галимжановна Бозбаева и Бахытгуль Ерсайиновна Шагимгереева. Главным моментом церемонии стало награждение победителей.

Триумфаторами творческого конкурса стали студенты Кокшетауского университета имени Ш.Уалиханова, покорившие жюри и зрителей своим непревзойденным артистизмом и креативным подходом.

В интеллектуальной битве научных проектов безоговорочную победу одержала команда Казахского Национального Педагогического Университета имени Абая, представившая проект исключительной научной ценности и практической значимости.

Особое признание жюри получила Шубина Татьяна, студентка Евразийского Национального Университета имени Л.Н.Гумилева, продемонстрировавшая образцовый уровень владения русским языком и ставшая лучшей в личном первенстве.

Главный приз – победу в командном зачете – завоевала дружная команда ЕНУ имени Л.Н.Гумилева. Именно этот вуз продолжит славные традиции проведения Республиканской студенческой предметной олимпиады.

Финальной частью церемонии стало выступление талантливых студентов университета. Зрители услышали песни в исполнении ставшего знаменитым за пределами Казахстана Жасдаурена, а также студента филологического факультета Дияса Бейсова, студента факультета культуры и искусства Бекнура Кабиден, исполнивший кюй «Талас». Завершилось мероприятие хореографической композицией «Достық», подготовленной студента-



современные технологии и творческий подход могут оживить филологическую науку. Участники доказали, что язык – это не просто средство общения, а живой организм, который хранит в себе тысячелетия истории, культуры и человеческих эмоций.

Торжественная церемония закрытия олимпиады началась с выступления декана филологического факультета Айдарбека Ахметовича Акбулатова, который подчеркнул важность таких мероприятий для развития молодежи и отметил успехи студентов, которые сделали этот факультет одним из самых успешных в университете. Также на сцену были приглашены члены жюри – Айгуль

ми программы «Хореография».

Олимпиада стала не только конкурсом, но и площадкой для общения, обучения и обмена опытом. Участники получили возможность встретить единомышленников, расширить свои знания и найти новые горизонты для развития. Организаторы выразили уверенность, что эти дни станут для всех незабываемыми, а труд и энтузиазм участников принесут им успех. Республиканская студенческая олимпиада завершилась, но её дух будет жить в сердцах участников и гостей, вдохновляя их на новые свершения.

Н.Т. УТАРОВА,
магистр, преподаватель ОП «Подготовка учителей по языкам и литературе»

«Нұр себеле ұлыстың ұлы күні»

Филология факультетінің «шет тілі: екі шет тілі» БББ ИЯ-22 және ИЯ-29 топ студенттері және топ кураторы Навекова Дамира Бахтығалиқызы мен Ситалиева Розалия Эдуардқызының ұйымдастыруымен Наурыз мерекесіне орай «Нұр себеле ұлыстың ұлы күні» атты мерекелік іс-шара өткізді.



Бұл іс-шараның басты мақсаты – қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Іс-шарада ұлттық мерекеміз – Наурыз туралы бейнебаян көрсетіліп, ИЯ-22 топ қыздары қазақтың ұлттық биін биледі. Ұлыстың ұлы күні – тек мереке ғана емес, сонымен қатар халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрлері қайта жаңғыратын күн. Біріміз ұмытып, біріміз естіген қазақ халқы үшін маңызды дәстүрлерінің ішінде «Ерулік» дәстүрі. Ерулік – қазақтың бауырмалдық қасиетін айқындайтын, бірлікті нығайтатын ерекше салттардың бірі. Бұл салт көшіп келген жаңа көршілерді қарсы алу

мақсатында ұйымдастырылады. Ерулік – қазақ халқының қонақжайлылығын, кеңпейілділігін көрсететін дәстүрлі жоралғының бірі. Ерулік көрінісін ИЯ-29 және ИЯ-22 топ студенттері көрсетіп берді. Іс-шараны ИЯ-29 топ студенті Алтыбайқызы Нұрдана «Наурыз» әнімен қорытындылады. Жиынға филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Альбина Сансызбайқызы, кафедра оқытушысы Калиева Альбина Азаматқызы мен топ кураторлары және студенттер қатысты.

Диана ҚАУЫСПАЕВА,
ИЯ-29 студенті

Ежелгі көшпенділер мәдениеті

Тарих, экономика және құқық факультетінде өткен әдістемелік апталық аясында «ҚР тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Муханғалиева Жанар мен оқытушы, тарих магистрі Айбекова Гульфия бірлесе отырып, «Ежелгі Қазақстан тарихы мен мәдениеті» пәні бойынша «Ежелгі көшпенділер мәдениеті» тақырыбында интеграцияланған ашық семинар сабағын өткізді.

Интеграцияланған ашық семинар сабағы бізге берген силлабуста көрсетілген тақырып, оның мазмұнындағы сұрақтармен сәйкес келді. Сабақ өте қызықты өтті. Ең алдымен бізге сергіту сәті өткізілді, содан соң Никита Бичуриннің бейнежазбасын тыңдап, ол айтқан мәліметтерден қай тайпаның тұрмыс-тіршілігі сөз болып жатқанын анықтадық. Осыдан соң семинар сабағында қарастырылатын тақырыбымыз, тақырып аясындағы мәселелер мен семинар мақсаты таныстырылды.

Әрі қарайғы барлық әрекеттеріміз онлайн кездейсоқ генерализациялау арқылы құрылған топтық жұмыстардан тұрды. Топта біз оқытушылар алдын ала дайындаған және padlet тақтасына ілген материалдармен танысып, INSERT әдісімен бұл материалдарды талдадық, содан соң әр топ бөлек-бөлек тапсырмалар орындады.

Бірінші топ padlet тақтасына ілінген «Каталаун шайқасы» жөнінде қысқаша бейнефильммен танысып, содан соң бұл қысқа бейнефильмдегі ақпараттарды ПТМС формуласы бойынша талдады.

Екінші топ Тұрсын Жұртбаев бейнебаянында қойған сұрақтарға деректерді талдау арқылы жауап берді.

Үшінші топ padlet тақтасында ілінген тарихи картаны басшылыққа ала отырып, тарихи картаға хронологиялық талдау жасады, оқиғалардың маңыздылығын ашып көрсетті.

Төртінші топ kazneb.kz сайтынан Бичуриннің «Орта Азияны мекендеген халықтардың көне заманғы тарихы» еңбегін тауып, ондағы жазба деректерге берілген сипаттамалармен танысып, IDEA формуласы негізінде жазба деректерді талдады.

Семинар барысында қолданылған барлық



«Central Asia FIRST Championship & Drone Racing» халықаралық байқауы

Робототехника мен дрон технологиялары қарқынды дамып жатқан заманда «Central Asia FIRST Championship & Drone Racing» байқауына қатысу біз үшін үлкен мүмкіндік болды. Бұл жарыс тек бәсеке алаңы ғана емес, сонымен қатар жаңа білім мен тәжірибе жинауға арналған ортаға айналды.



Сайысқа 120 команда қатысты, олардың қатарында Орта Азия елдерінен келген командалар да болды. Олармен танысып, өзара тәжірибе алмастық. Өз инженерлік дағдыларымызды, шешім қабылдау қабілетімізді және шығармашылық ойлауымызды айтарлықтай жетілдірдік. Халықаралық деңгейдегі сайыстарға қатысу арқылы тек теориялық білімімізді толықтырып қана қоймай, өзімізді жаңа қырымыздан көрсеттік. Сонымен қатар осы саладағы жетекші мамандармен байланыс орнату болашақ жобаларымыз үшін аса маңызды болды.

«Central Asia FIRST Championship & Drone Racing» бізге жаңа мүмкіндіктердің есігін ашты. Бұл жай ғана жарыс емес, технологиялық даму мен шығармашылықтың тоғысқан алаңы болды. Осындай тәжірибе келесі жобаларға деген ынтамызды арттырып, робототехника саласындағы біліктілігімізді жаңа деңгейге көтеруге серпін берді.

Н.МЕНДЕШҚЫЗЫ, Н.ИМАНҒАЗИЕВА,
А.АДИЛХАНОВА,
ИР-31 топ студенттері

бейнебаяндар D-id, барлық материалдар Gamma ai секілді жасанды интеллекттердің көмегімен жасалған және барлық материалдар мен тапсырмалар онлайн padlet.com тақтасына ілінген.

Сабақ соңында біз семинар сабағында игерген барлық білімді тексеру мақсатында оқытушылар бізге Quizizz.com платформасында дайындалған тест тапсырмаларын онлайн орындадық, қорытындыларымыз экранда шығып тұрды.

«Ежелгі Қазақстан тарихы мен мәдениеті» және «Қазақстан тарихы бойынша деректер» пәндерін интеграциялау арқылы ұйымдастырылды. Оқытушылардың көп жылдық тәжірибесі мен ұтымды әдістері, жасанды интеллектті кеңінен пайдалануы ашық семинар сабағында бізге ғұндардың этникалық және саяси тарихын, ғұндардың шаруашылығы мен қоғамдық құрылысын жан-жақты түсінуге, Еуразиядағы халықтардың Ұлы қоныс аударуына қуатты серпін берген ғұндар тарихы Шығыс пен Батыс тарихында, мәдениетінде өте маңызды орын алатындығына көз жеткізуімізге мүмкіндік берді.

Гүлсезім РУХОЛИНА,
ИО-11 студенті

Махамбет университетінде Жайықтың ақ шағаласы атанған ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Алаш» Халықаралық әдеби сыйлығының иегері, Батыс Қазақстан облысының құрметті азаматы, Құрмет орденінің иегері - Ақұштап Бақтыгереевамен кездесу өтті. Келелі кездесуге білім ордасының арулары мен нәзік жанды оқытушылар құрамы қатысты.

«Жайықтың ақ шағаласы»



Ақұштап апамыз қазіргі кездегі қоғамдық мәселелер соның ішінде қыздардың тәрбиесі туралы өзекті әңгімелерді тілге тиек етті. Қыздармен емен жарқын пікірлесіп, ана, әже ретінде өзінің ақыл-кеңестерін айтып, ұрпақ тәрбиесіне қатысты ой қозғады. Жиын барысында студенттерге жүрекжарды туындыларын оқып берді. Сонымен қатар ақын Ақұштап Бақтыгереева

ұрпақ тағдыры қыздар тәрбиесіне байланысты екендігін, сондықтан олардың жат қылықтарға бармауына, дәстүрлі емес діндердің ықпалына түсіп кетпеуіне атсалысу қажеттігін айтты. Еркін форматта өткен кездесуден Махамбет бұрымдылары үлкен әсер алды. Жиын соңында студенттер ақынның шоқтығы биік туындыларын оқып, күмбірлеген күйден шашу шашты.

Мұрат Мұхтарұлы Өуезов-мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, мемлекет және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. 1943 жылы Жамбыл облысы, Меркі кентінде дүниеге келген. Қазақтың көркем жазушысы Мұхтар Омарханұлы Өуезовтің баласы. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Шығыс тілдері институтын «Қытай филологиясы» мамандығы бойынша бітірді. КСРО Ғылым Академиясының әлем әдебиеті институтында әдебиет теориясы бойынша филология ғылымының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғады. Қазақстан Журналистика Академиясының 27.02.2007 жылғы жалпы жиналысы арқылы Академияның толық мүшесі болып сайланды. Отбасы жайлы айтар болсақ, Анасы - Фатима Ғабитова, інісі - Ернар Мұхтарұлы Өуезов, баласы - Мағжан Мұратұлы Өуезов, қызы - Зифа-Алуа Мұратқызы Өуезова. Қоғамдық қызметіне тоқталсақ, 1970—1976 жылдарда М.М.Өуезов «Эстетика кочевья» ұжымдық монографиясын әзірлеген (1975 жыл) философия және құқық институтындағы эстетика тобына жетекшілік етті. 1981—1987 жылдарда «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор болып қызмет атқарды. 1988—1990 жылдарда Қазақстан жазушылар одағының көркем аударма және әдеби өзара байланыстар жөніндегі Алқасын басқарды. 1990-шы жылдардың соңында М.М.

Ләйлә МГУ-дың тарих факультетін бітіріп, өте мықты ғалым болды. Ернарымыз табиғатты өте қатты жақсы көруші еді. Ол мылтықты, оқ-дәрінің иісін жақсы көруші еді. Алыстан көруге көзі де өткір. Дуадақ атып, арқар аулайтын. Бір күні Ернармен бірге тауға шығып, суық тиіп қалғаны бар. Мұным әкеме ұнамай, мені дәрігерге қаратты, туберкулез ауруының алғашқы белгілері бар екен. Ал әкем туберкулездің не екенін жақсы білген, оның кейіпкерлерінің көбі, Абайдың Әбіш, Мағаш балалары осы туберкулезден көз жұмған. Әкеміз мамандық таңдауға үлкен мән берді. Маған гуманитарлық сала жақын екенін, әдебиет, тарих, географияны қалайтынымды түсіндім. Мамандық таңдайтын жылы Мәскеу университетінде Шығыстану факультеті жаңадан ашылған болатын. Өзі ара-тұра сол университетте лекция оқып тұрушы еді. Онда қытай тілі, араб тілі, бұлардан басқа корей, вьетнам тілдері бар екен. Соған Қазақстаннан баруға бірінші рет мүмкіндік туды. Әкемнің тілегі араб тілі болды. Мен осы жерде емтиханды жақсы тапсырғанмын. Сол жаққа барғанда араб тілін оқуға болмайды дейді. Араб тілінде оқу үшін мектепте ағылшын тілінде оқу керек екен, мен неміс тілінде оқығанмын. Сонымен мені вьетнам тіліне ұсыныпты. Әкем ректорға хат жіберіп, араб тілі болмаса қытай тіліне ауыстырылсын деп өтініш айтыпты. Маған

ТҰЛПАРДЫҢ ТҰЯҒЫ

Өуезов Қазақстандағы «Мир» телерадиокомпаниясының көркемдік жетекшісі болды. 1990 жылы М.М. Өуезов Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Халық депутаты болып сайланып, онда Кеңес Президумының мүшесі, парламентаралық байланыстар жөніндегі Комитеттің төрағасы болды. Ол ҚР ерекше тапсырмалар бойынша Төтенше және Өкілетті Елшісі болып табылады. Кітаптары: «Ділім», «Үлкен жол», «Гүл іспеттес жол», т.б. деректі фильмдердің, «Времен связующая нить», «Иппокрена. Хожение к колодцам времен».

Мұрат Мұхтарұлы: Ұлының ұлы болу – үлкен жауапкершілік

Әкемнің үлкен көрегендігі – мені қазақ мектебіне бергені. Алғашқы үшінші сыныпқа дейін қазақ мектебінде оқығанмын. Ол кезде Алматыда небәрі екі-ақ қазақ мектебі болды. Біз кішкентайымыздан табиғатқа көп шығатынбыз. Өзімен қатар алып жүрді. Ол кісі балаларының тәрбиесіне үлкен мән берді. Үлкен әпкеміз

«қытай тілінде қазақтың тарихына байланысты көптеген деректер бар» деді. Өйткені 1957 жылы Ш.Уәлихановтың еңбектері бірінші рет бес томдық болып шыққан, сонда Шоқанның Қытайға барғаны, бәрі бар. Ол бес томдықты шығаруға менің әпкем Ләйлә Мұхтарқызы мен әкеміздің досы Марғұланның тікелей қатысы болған. Шығыстану факультетін бітірген соң, әкем мені қытайдың мықты оқу орындарының біріне оқытуды жоспарлап еді, өкінішке қарай, оған жетпей өмірден озды. Менің ойымша осындай дара тұлғаның ұрпағы болу үлкен бақыт. Әкесінің жолын жалғастырып, осындай дана адамның шығармашылығы үлкен мұра. Мен үшін қазақ халқының дара, дана жазушылары ерекше тұлғалар. Жастардың осындай жазушыларға еліктеп, үлгі алғаны ел мақтанышы. Біздің мақсатымыз - осындай ұлы адамдардың еңбектерін ұмытылмастай етіп, жаңғырту, осы тұлғалардың еңбегін бағалау деп білемін. Заманымызда осындай тұлғалардың көп болғаны қуантады.


Қорытындылай келе, жобаны Мұрат Өуезовтің жастарға айтқан ақылымен аяқтағым келеді: «Ұлтжандылық деген бұл – Ұлы сезім. Адамды

«Ұмытылмас ерлік - ұрпаққа аманат»

Білім ордасында педагогика факультетінің ұйымдастыруымен «Ұмытылмас ерлік-ұрпаққа аманат» атты ардагерлермен кездесу өтті.



Кездесуді педагогика факультетінің деканы Ергалиева Гүлжан Алғазықызы мен университетіміздің тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Мерген Қуанышұлы жылы лебіздерімен ашып берді. Ардагер қонақтарымыз таныстырылып, олардың жеткен жетістіктері жайлы ақпарат берілді. Экраннан соғыс кезеңдегі сұм жылдардың көрінісі мен отан үшін жан қиып, үлкен ерлікпен құрбан болған батырларымызды еске алу бейнетаспасы көрсетілді. Келесі кезекте ардагер қонағымыз Тихон Алипали ағамыздан ел үшін өздерін құрбан еткен батыр тұлғалардың ерен ерлігі жайлы өсиет әңгіме тыңдалды. Содан соң ҚР мәдениет саласының үздігі, әдіскер ақын, журналист Муштанова Дариға Ғазизқызы сұрапыл соғыстың қиындықтары, қазақ жеріне әкелген үлкен зардабы жайлы көзі жасқа толып баяндап берді. Іс-шара соңында Қанатқали Нұрдәуреннің орындауында «Қазақстаным» әні шырқалды. Қорытындылай келе факультетіміздің деканы алғыс айтып, сөз сөйлеп, қонақтарымызға гүл шоқтары мен университет атынан естелік сыйлықтар табысталды.



ажарландырып, нұрландырып, жігерлендіріп жібереді. Қазақ халқының саны тым аз. Сондықтан біз ұлттың сапалы болуын ойлауымыз керек. Ол үшін нағыз білім болуы керек. Тек диплом алу үшін білім қуудың қажеті жоқ, білімнің ұшан-теңіз тереңіне бойлай білуіміз керек. Алаштың азаматтары «Сегіз қырлы, бір сырлы» болған. Сыры - осы ұлтжандылық. Олар нағыз қазақ бола білді. Біз қазақтығымызды жүрегімізбен сезінуге тиіспіз. Өйткені заман – қатал». Дәл бүгін Алаш азаматтарының рухы тіріліп, біздің үстімізде қалықтап тұрғандай. Алаш азаматтары туралы сөз болғанда, ең алдымен олардың қазақ елінің бүгінгі басты қазынасына айналған жер мәселесіне қатысты ерлік істерін еске аламыз. Біз, тұтас қазақ халқы, дүниежүзіне жеріміздің аумағымен, байлығымен мақтансақ, ұрпағына осындай қазына қалдырған Алаш азаматтарын есте ұмытпағанымыз жөн. Біз М. Өуезовті Алаш азаматтарының ісін жалғастырушы мұрагер деп тануымыз қажет.

Мира ТЕҢЕЛ,
ҚТӨ-13 студенті

II «Ақжелең» байқауы – таланттар тоғысы!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ҚР Композиторлар одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері, қауымдастырылған профессор Еркін Нұрымбетовтың шығармаларын орындаушылардың университетішілік II «Ақжелең» байқауы өтті.

Байқау «Домбыра» және «Вокал» номинациялары бойынша оздырылды. Өнерсүйер жастар өз шеберліктерін көрсетіп, ұлттық музыка мен кәсіби орындаушылықты насихаттауға өз үлестерін қосты. «Домбыра» номинациясы бойынша бас жүлдені ТМИ-11(3) тобының студенті **Ернұр Кимран** (жетекшісі Еркін Нұрымбетов) жеңіп алды. Ал «Вокал» номинациясы

бойынша бас жүлде иегері ВІ-31(3) тобының студенті **Сағынғали Байқожа** (жетекшісі Жұмағаным Рахимова). Сондай-ақ байқауды белгілі қазылар алқасы мүшелері бағалады. Байқауға қатысушылардың өнері жоғары деңгейде бағаланып, жеңімпаздар лайықты марапаттарға ие болды. Барлық өнерпаздарға шығармашылық табыс тілейміз!



«СТУДЕНТТІК КӨКТЕМ-2025»

Махамбет университетінде жастардың асыға күткен – «Студенттік көктем-2025» өнер байқауы өз мәресіне жетті. Бір апта бойы әр факультеттен келген студенттер үздіктерді анықтау үшін сынға түсті. Биылғы байқаудың ерекшелігі көп. Бастысы – әр факультетке бір жетекші тағайындалып, олар қатысушылардың дайындық барысын қадағалады. Өнер байқауында студенттер 7 номинация бойынша бақ сынады.

Өнер байқауы - жас таланттар мен шығармашыл жастардың жарқын мерекесі! Бұл – өнер мен шабыттың, достық пен серпіннің, білім мен белсенділіктің тоғысқан уақыты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, сайыс жоғары деңгейде өтті. Оған дәлел сахнада өнер көрсеткен жалынды жастар, қолдауға келген қалың көрермен. Қорытынды нәтижеге сәйкес, командалық есепте педагогика факультеті үздік үштікке енсе, екінші орын филология факультетіне бұйырды. Ал байқаудың жеңімпазы – тарих, экономика және құқық факультеті атанды. Әр бағыт бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерге бағалы сыйлықтар табыс етілді. Бұл өнер сайысы Махамбет университетінің шығармашылық әлеуетін кеңінен танытып қана қоймай, болашақта облыстық деңгейде өнер көрсететін құрама жасақтауға мүмкіндік береді.



Ұлттық құрылтай мәселелері талқыланған жиын

2025 жылғы сәуір айының 8-і күні Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Қоғамдық даму департаментінің ұйымдастыруымен «Ұлттық құрылтай-2025: Қоғамдағы өзекті мәселелер, ел жаңғыруының бағдарлы басымдықтарына қатысты дәйекті тұжырымдар» - «Национальный курултай-2025: Актуальные проблемы общества, последовательные выводы относительно ориентировочных приоритетов модернизации страны» атты (Абылай ханның ақ туы тігілген қасиетті Көкше жерінде, бауырмал Бурабай баурайында өткізілген ел болашағын айқындайтын стратегиялық институттың біріне айналған Ұлттық құрылтайдың IV жиынындағы қоғамдағы ең өзекті мәселелер мен елдің келешек дамуы мен өркендеуіне бағыт-бағдар берген ұсыныстар туралы) алқа мәжілісі өткізілді.

Алқалы кеңес мәжілісіне Қоғамдық даму департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы** модераторлық жасады. Алқа мәжілісі «**Ұлттық құрылтай-2025: Ортақ мақсаттағы игі істер жүйесі. – Национальный курултай-2025: Как площадка для укрепления общественного диалога и консолидации**» тақырыбындағы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры, биология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты **Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлының** алғы сөзімен ашылып, «**Ұлттық құрылтай-2025: Өзара түсіністік пен құрмет бар жерде келісім бар. – Там, где есть взаимное понимание и уважение, всегда будет согласие**» тақырыбындағы Батыс Қазақстан университетінің Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры **Сүлейменов Мерген Қуанышұлының** сөзімен түйінделді.

Алқа мәжілісінде төмендегідей келелі мәселелерге арналған баяндамалар жасалды: **Ұлттық құрылтай-2025: Қоғамдағы өзекті мәселелер талқысы, ел жаңғыруының бағдарлы басымдықтарының дәйекті тұжырымдары. – Ориентир стратегического развития. Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері; **Ұлттық құрылтай-2025: Ұлт мұратын арқау еткен жиын. – Ответы на запросы общества. Ахмеденов Қажымұрат Мақсұтұлы**, Батыс Қазақстан университетінің Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, география ғылымдарының кандидаты, профессор; **Ұлттық құрылтай-2025: Білім беруді цифрландырудың заманауи тенденциялары. – Современные тенденции цифровизации образования. Медешова Айгүл Бақтығалиқызы**, педагогика



ғылымдарының кандидаты, доцент, Информатика мұғалімдері мен IT мамандарын дайындау БББ, физика-математика факультеті; **Ұлттық құрылтай және Қазақстанды саяси жаңғыртудың идеологиялық аспектісі. – Национальный курултай и идеологический аспект политической модернизации Казахстана. Добряев Павел Анатольевич**, Әлеуметтік зерттеулер орталығының жетекшісі, философия ғылымдарының кандидаты, доцент; **Ұлттық құрылтай – ел келешегін айқындайтын қоғамдық-саяси мәселелерді талқылаудың халықтық алаңы. – Национальный Курултай – народная площадка для обсуждения общественно-политических вопросов, определяющих перспективы страны. Шайхиев Тұрар Төлегенұлы**, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, саясаттанушы; **Қаржы секторындағы өзгерістер және оның ел экономикасына әсері. – Преобразования в финансовом секторе и их влияние на экономику страны. Шамакова Нафиса Ғұмарқызы**, экономика ғылымдарының кандидаты (РФ), «Бизнес және басқару» БББ, тарих, экономика және құқық факультеті; **Ұлттық құрылтай-2025: Ұлттық киім – бірегей болмысымыздың маңызды көрінісі. – Национальная одежда – важное воплощение нашей уникальной идентичности. Есенғалиева Әлия Қайнеденқызы**, аға оқытушы, Көркем еңбек және мектептегі дизайн мұғалімдерін дайындау БББ, мәдениет және өнер факультеті.

Өз кезегінде «Кең тозбайды, кеңескен азбайды» тақырыбында пікіралмасу жүргізіліп, нәтижеде «Кеңеспен шешкен шешімнің кемісі болмас» тұжырымы жасалды. Алқа мәжілісіндегі талқыға сәйкесті «**Ұлттық құрылтай-2025: Қазақстан – жаңа тұрпатты ел**» тақырыбында Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Ғылыми кітапханасы арнайы көрме жасақтады.

Редакция алқасы

Жоғары оқу орындары мен колледж студенттері арасындағы шағын футболдан ашық қалалық турнир өз мәресіне жетті.

Махамбет жастары жеңімпаз атанды!

Сайысқа қатысқан 10 команданың ішінен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің командасы 1-орынды иеленіп, турнир жеңімпазы атанды. 2-орын – Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжі, 3-орын – БҚАТУ. Сонымен қатар «Үздік қақпашы» номинациясы дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасының 2-курс студенті Өскер Наурызбаевқа бұйырды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Орал» спорт клубының арнайы кубогы, дипломы және медальдарымен марапатталды.



СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ

Бүгін **Ғ.Құрманғалиев** атындағы облыстық филармонияның дәстүрлі әншілері **М.Өтемісов** атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенттерімен кездесіп, «Батыс Қазақстанның дәстүрлі әншілік мектебі» атты шеберлік сағатын өткізді.



Шеберлік сағатына **Ғ.Құрманғалиевтің** төл шәкірттері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, ҚР Мәдениет қайраткері, Қаратөбе ауданының құрметті азаматы Сағадат Рахметжанов, ҚР Еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» орденінің иегері Сәуле Таудаева, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Қаратөбе ауданының құрметті азаматы Серік Абдрахманов, ҚР Мәдениет қайраткері, республикалық М.Мерәліұлы атындағы байқаудың жеңімпазы Асхат Оразов, ҚР Мәдениет саласының үздігі, «Құрмет» орденінің иегері, М.Мерәліұлы атындағы республикалық және халықаралық байқаулардың бірнеше мәрте лауреаты Қайрат Кәкімов, республикалық өн байқауларының лауреаты Айжан Мұхамбетжанова, филармонияның жас әншісі, республикалық дәстүрлі әнші, термешілер байқауының жүлдегері Кенесары Болғанбаев қатысты.

Қонақтар шеберлік сағатында ел аузында жүрген әндердің шығу тарихына, Батыс әншілік мектебінің өкілдеріне, **Ғ.Құрманғалиевтің** өмірі мен шығармашылығына, бүгінгі таңдағы дәстүрлі ән мектебі жайында әңгіме өрбітті. Университеттің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Мерген Сүлейменов қонақтарға «қош келдіңіз» айтып, жас буынға аға буын әншілердің өнері үлгі, тірі аңыз екенін тілге тиек етті. Іс-шара соңында ұйымдастырушылар атынан Раушан Қуаншалиева қонақтарға алғыс білдірсе, болашақ жас дәстүрлі әншілер өз өнерлерін ортаға салып, әріптестеріміздің де өнеріне тәнті болды.

Будущие филологи, учителя защищали свои исследования поэтики произведений казахстанских авторов, и давали им свою сравнительную оценку, проводя параллели с иностранной литературы. Членами комиссии выступили **Г.С.Умарова, Г.Н.Ахметова, Н.Б.Арыстанғалиева, Г.С.Шукурова**.

Участники из групп РЯЛ-22, ФИЛ-22, РЯЛШ-32, РЯЛ-32 и РЯЛ-42 представили оригинальные исследования, в которых казахская литература рассматривалась через призму сопоставления с зарубежной, раскрывались общие мотивы, поэтика и философия текстов.

Членами комиссии выступили преподаватели кафедр филологии: **Г.С. Умарова, Г.Н. Ахметова, Н.Б. Арыстанғалиева, Г.С. Шукурова**. Научным руководителем большинства выступающих стала доцент **Гульнар Умарова**.

Алина Соболева (РЯЛ-42) рассказала о лирике

публичного выступления и научного изложения мыслей. И да, я бы с удовольствием снова поучаствовала в подобном мероприятии, - говорит Аделина.

После основной секции по казахской литературе выступили студентки группы РЯЛ-22 с исследованиями в области фольклора. **Арина Саттарова** рассказала о татарском фольклоре, **Юлия Ким** – о русском и его сопоставлении с другими традициями, **Милана Абатова** – о пересечениях казахского и русского фольклора. Их научным руководителем выступила к.ф.н. **Айгуль Бозбаева**.

С одной из выступивших, **Юлией Ким** нам тоже удалось поговорить: «Всё было хорошо организовано. Участники раскрывали довольно интересные темы. Своим выступлением я относительно довольна, для первого раза, считаю, неплохо. Волновалась крайне, всё же редко приходится выступать перед незнакомой

выступление моих сокурсников, а конкретно хотела выделить **Панфилова Николая и Балашову Милану** из группы ФИЛ-22. Их выступление было четким и ясным, что конечно же вызвало у меня восхищение.

– Кого вы приходили поддерживать? Хотели бы вы сами выступить в дальнейшем?

– Я приходила поддержать всех своих одногруппниц (участниц с группы РЯЛ-22), которые впервые выступали в таком формате. Во время выступления участников этого мероприятия, у меня у самой появилось острое желание поучаствовать. На данном курсе я не особо хочу вовлекаться в такие мероприятия, но желание появилось что-то такое попробовать на следующем курсе.

Ещё одна из группы поддержки РЯЛ-22 - **Олеся Шашкова** поделилась мнением по конференции: «Конференция была очень увлекательной. Особенно интересно было слушать выступающих, исследующих

«Хорошая книга — бесконечна»

В Западно-Казахстанском университете имени М. Утемисова 10 апреля 2025 года состоялась ежегодная конференция научных работ обучающихся. В этом году мероприятия объединило студентов 2–4 курсов, представивших свои исследования в рамках общей темы: «Казахская литература в аспекте сравнительного литературоведения».

уральских поэтов Ю. Баева и Т. Шабарениной. **Нурсултан Менсеит** (РЯЛШ-42) анализировал экзистенциальную проблематику в романе М. Магауина «Смутное время». **Аделина Шакенова** (РЯЛШ-32) представила сравнение образов эмансипированных женщин в романах «Унесённые ветром» М. Митчелл и «Улпан» Г. Мусрепова. **Айнур Наурзалиева** (РЯЛШ-32) осветила образ художника в романе Д. Накипова «Круг пепла». **Армат Курмангали** (РЯЛШ-32) сопоставил философскую прозу Т. Абдикува и Ф. Кафки. **Дина Сериккалиева** (РЯЛШ-32) исследовала жанр травелога в творчестве М. Ауэзова и И. Шухова. **Милана Балашова и Аделина Бикмухаметова** (ФИЛ-22) рассказали о влиянии А. Чехова и художественном мире Б. Майлина соответственно. **Николай Панфилов** (ФИЛ-22) представил доклад на тему «Проблема абсурда в романе С. Сейфуллина «Тернистый путь»».

Особый интерес вызвало выступление **Аделины Шакеновой**, которая позже поделилась своими впечатлениями:

– Конференция оставила очень хорошее впечатление. Уровень выступлений был высокий. Особенно понравилось выступление на тему «Образ творческой личности – художника в романе «Круг пепла» Дюсенбека Накипова» студентки Наурзалиевой Айнур. Было видно, что автор вложил душу и проделал серьёзную работу.

Я постаралась максимально чётко донести суть своей работы. Конечно, немного волновалась, но, когда начала говорить, почувствовала уверенность. В целом результатом довольна, особенно тем, что удалось заинтересовать слушателей. Опыт оказался очень полезным и вдохновляющим. Он помог развить навыки

аудитории. При подготовке трудностей не было, всё же мы живём во время новейших технологий и необходимые учебные, научные материалы можно найти за короткий срок. Конечно, это ценный опыт для меня. Так скажем, первый шаг в научной работе. Буду рада выступить снова, с новыми силами и знаниями!»

Помимо тех, кто выступали, на конференции были слушатели – студенты из групп поддержки. Одной из них была Валерия Игнатьева.

– Валерия, расскажите о своих впечатлениях от конференции, что вам понравилось?

– Изначально конференция не вызвала у меня особого интереса, но уже в процессе, я поняла, что конференция несет в себе очень даже интересные и важные темы для моей профессии. Мне очень понравилось

актуальные темы в произведения отечественных авторов. Я приходила поддержать своих сокурсников. Это мероприятие определённо помогло мне задать себе цель заняться исследованием по темам, которые меня давно интересуют и выступить на подобных конференциях».

Прошедшая конференция научных работ продемонстрировала высокий уровень подготовки студентов, их стремление к научному поиску и любовь к литературе. Такие мероприятия формируют в будущих специалистах уверенность, умение анализировать и презентовать свои идеи, что несомненно пригодится им в профессиональной деятельности.

Руслан СКОРИК, Николай ПАНФИЛОВ,
Фил 22

«English in Everyday Life» атты интеллектуалды сайыс

Қазақ тілі мен әдебиеті БББ 1 курс студенттері ағылшын тілінен өз білімдерін тексеріп, тілдік дағдыларын шыңдауға бағытталған ерекше форматтағы сайысқа қатысты. «English in Everyday Life» тақырыбында өткен интеллектуалды ойын ҚТӘ (ІР)-13 тобы арасында ұйымдастырылды. Іс-шараны шетел тілі мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламаларының оқытушысы Навекова Дамира Бахтығалиқызы жүргізіп, студенттерге қызықты әрі мазмұнды жарыс өткізді.



Сайыс барысында студенттер үш топқа бөлінді: Winks, NUMBER ONE және Smart Spikers. Әрбір топ өз білімін, тапқырлығын және командалық бірлігін көрсетуге тырысты. Сайыс төрт кезеңнен тұрды:

1. Таныстыру кезеңі – әр топ өзін ағылшын тілінде таныстырып, креативті презентациялар көрсетті.

2. «Мақалды жалғастыр және аудармасын тап» – бұл кезеңде мақалды жалғастырып қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің ағылшын тіліндегі баламаларын табу тапсырмасы берілді.

3. «Мен кімін?» ойыны – топтан бір студентке заттың аты жазылған қағаз беріліп, ол топ мүшелерінің көмегімен бұл сөзді табуға тырысты. Бұл кезең логикалық ойлау мен сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

4. Үй тапсырмасы – студенттер өздері таңдаған тақырыпта ағылшын тілінде бейнебаян түсіріп, оны көпшілікке ұсынды. Бұл тапсырма олардың шығармашылығы мен сөйлеу шеберлігін көрсетті.

Сайыс қорытындысы бойынша барлық топ белсенділік танытты, дегенмен NUMBER ONE тобы ерекше көзге түсіп, үздік үштіктің көшін бастады. Мұндай сайыстар студенттердің ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, білімдерін нақты жағдайда қолдануға мүмкіндік береді. Бұл іс-шара – болашақ мамандардың жан-жақты дамуына бағытталған тиімді білім беру әдістерінің бірі болды деп ойлаймын.


Альфия БИМҰХАН,
ҚТӘ(ІР)-13 студенті

От студенческой скамьи — к научным вершинам

Наш университет по праву считается научным центром региона. Здесь растут и развиваются исследователи, которых объединяет стремление к знаниям и желание принести пользу обществу. Один из таких молодых учёных — Дарын Сагидуллаев, преподаватель факультета истории, экономики и права, доктор философии (PhD). Ещё будучи студентом, он занялся изучением коллективизации в Казахстане, работал в архивах и уже тогда понял: история родного края — это больше, чем даты и документы, это путь к осмысленному будущему. Сегодня Дарын Зайнуллаевич исследует археологические памятники Золотой Орды на территории Западного Казахстана и готовится к защите кандидатской диссертации. «Когда понимаешь, что вносишь вклад в сохранение культурного наследия, наука становится образом жизни», — делится он.



Похожим путём идёт и старший преподаватель, доктор философии (PhD) Серик Бакиев — ещё один пример молодой научной энергии. Его увлечённость биологией началась со студенческой скамьи и со временем переросла в серьёзную исследовательскую деятельность. Серик уже получил степени бакалавра и магистра, а сейчас завершает обучение в докторантуре. Его научные интересы охватывают аквакультуру, микробиологию, молекулярную биологию и экологический мониторинг. Он уже отмечен званиями «Лучший молодой учёный». «Каждый шаг в науке — это движение вперёд не только для себя, но и для всей страны», — говорит он с уверенностью.



Ярким примером настойчивости и глубокой научной

12 апреля в Казахстане традиционно отмечается День науки — праздник тех, кто двигает человечество вперёд через знания, исследования и открытия. В этот день принято говорить о великих умах прошлого, но всё чаще — и о тех, кто только начинает свой путь в науке. Молодые исследователи Западно-Казахстанского университета имени Махамбета Утемисова доказывают: у отечественной науки есть не только история, но и уверенное будущее.



мотивации является Мурат К а к и ш е в. «Первые шаги в науке, как сейчас помню, начались со второго курса в далёком 2006 году, когда у нас был урок по молекулярной биологии и микро-

биологии, — вспоминает он. — Вёл его доктор наук Мадиев Нукашевич, который сумел заинтересовать нас методикой работы с микробами и исследованием окружающей среды». Этот интерес Мурат Галиханович развивал в магистратуре, посвятив диссертацию изучению микроорганизмов рода Brucella. Позднее, уже в докторантуре, он сосредоточился на разработке диагностики для идентификации генов различных микробов, включая всё ту же Brucella. Защитив диссертацию и получив степень PhD, он прошёл стажировку в США, Белграде, Санкт-Петербурге и Всероссийском НИИ сельского хозяйства и микробиологии. Сегодня он возглавляет отдел науки Западно-Казахстанского университета имени Махамбета Утемисова. Его работа направлена на популяризацию науки, привлечение молодёжи, обеспечение научной базы и развитие исследовательской инфраструктуры.



Наука — это не только проэксперименты и статьи. Это и про наставничество. Именно в университете, благодаря поддержке преподавателей, когда-то начал свой путь проректор по научной работе и международным связям, кандидат географических наук, профессор

Кажымурат Ахмеденов. Ещё студентом он участвовал в научных кружках, ездил в экспедиции и писал эссе, одно из которых принесло ему второе место на республиканском конкурсе. Этот опыт стал отправной точкой для всей его дальнейшей научной карьеры.

Символом научного наставничества для многих стал профессор, академик Абат Кадыршаев. Его слова «Наука



— это море, знание — это лодка» стали девизом для целого поколения студентов. Начав с публикации статьи о методике Ахмета Байтурсынова в 1993 году, он сегодня реализует масштабные научные проекты,

вдохновляет молодых и служит ориентиром для будущих исследователей.

Научная жизнь университета сегодня охватывает десятки направлений: от гуманитарных исследований до точных наук, от археологии до биотехнологий. Главное, что объединяет этих людей — стремление делиться, поддерживать и вести за собой.

День науки — это не просто профессиональный праздник. Это день признания усилий тех, кто, возможно, не появляется на первых полосах газет, но ежедневно вносит вклад в развитие страны. Именно благодаря им Казахстан уверенно движется к обществу знаний, где истина важнее громких лозунгов, а прогресс строится на терпении, опыте и любви к науке.

Молодёжь выбирает науку. А значит — выбирает будущее.

М.САДЫРГАЛИ,
Шахноза БЕКТАШЕВА

Заң жайлы айтылды



Құқықтану БББ 2 курс студенттерімен БҚО Адвокаттар Алқасының адвокаты Нұртаза Гүлжан Әміржанқызы ашық пікір алмасу форматында кездесу өткізді.

Құқықтану БББ аға оқытушысы, з.ғ.м А.К. Есенгазиеваның ұйымдастыруымен өткен кездесуде Гүлжан Әміржанқызы адвокаттық қызмет туралы, адвокаттардың жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және оларды іске асыруға жәрдемдесуді жүзеге асырудың жолдарымен бөлісті. Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және Қазақстан Республикасының адвокаттық қызметті және заң көмегін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерімен жете таныстырып, оларды тәжірибеде тиімді қолданудың әдістерін студенттермен бірге талдау жүргізді. Сонымен қатар кездесу барысында қатысушылардың барлығы Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сот арқылы қорғауға және заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге, сондай-ақ дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесуге арналған нормалармен танысып, көптеген сұрақтарға жауап алды.

Интеллектуальная игра, посвящённая 30-летию Конституции РК

18 апреля 2025 года на факультете Истории, экономики и права Западно-Казахстанского университета имени М. Утемисова состоялось значимое событие — интеллектуальная игра, приуроченная к 30-летию Конституции Республики Казахстан. В мероприятии приняли участие студенты образовательной программы «Юриспруденция».

Игра объединила студентов первых и вторых курсов, где участники продемонстрировали высокий уровень правовой грамотности, логического мышления и умения работать в команде. Организатором мероприятия выступила группа ЮР-12 под руководством старшего преподавателя образовательной программы «Право», магистра юридических наук А.К. Нуржановой.

Благодаря профессиональному подходу и тщательной подготовке, интеллектуальная игра прошла на высоком уровне и вызвала живой интерес среди студентов. Вопросы охватывали ключевые аспекты Конституции РК: её историческое развитие, основные принципы и значение в жизни общества. Каждый раунд вызывал оживлённую дискуссию и вовлечение участников, что ещё раз подтвердило их искреннюю заинтересованность в правовом образовании и гражданской ответственности.

Подобные мероприятия играют важную роль в формировании у молодёжи уважения к закону, укрепляют патриотические ценности и стимулируют активное участие студентов в учебной и общественной жизни университета.



ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ!

2025 жылғы 28 қаңтарда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында киберқылмыстарға қарсы іс-қимылдың өзектілігін атап өтіп, бұл бағытта барлық мүдделі органдардың бірлесе жұмыс істеуі қажеттігін тапсырған болатын. Осыған орай, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде БҚО Полиция департаментінің өкілдерімен интернет-алаяқтықтың алдын алу мақсатында кездесуі өтті.

Кездесуге университет әкімшілігі, профессорлық-оқытушылық құрам және қызмет көрсетуші персонал қатысты. Басты тақырып - интернет-алаяқтықтың кең таралған түрлері, қылмыскерлердің жиі қолданатын

әдіс-тәсілдері, алаяқтардың құрбаны болмаудың жолдары, сонымен қатар цифрлық сауаттылықты арттыру. Басты кеңес: ешқашан бөгде сілтемелерге өтпеңіз, жеке деректер мен банк картасының мәліметтерін таратпаңыз.

М.Өтемісов атындағы БҚУ «Study in Kazakhstan» көрмесінде

Ағымдағы жылдың 3-4 сәуір күндері Ақтөбе қаласында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Ақтөбе өңірлік университетінің ұйымдастыруымен 10-11-сынып оқушылары және колледж түлектері үшін екі күнге созылған «Study in Kazakhstan» көрмесі өткізілді.

Көрмеге қатысқан 40-қа жуық жоғары оқу орындарының қазақстандық жастарға халықаралық деңгейде білім беру мүмкіндіктерімен танысу үшін 3000-нан астам мектеп оқушылары мен колледж студенттері қатысты. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің өкілдері де көрмеге қатысып, талапкерлерге оқу орнының артықшылықтары, білім беру бағдарламалары мен қабылдау шарттары туралы толық ақпарат берді.



«Өркеннің мамандануы мен түрлене өзгеруі»

Б(ІР)-11 тобының студенттерімен облыстық экологиялық-биологиялық орталықта «Өркеннің мамандануы мен түрлене өзгеруі» тақырыбында студенттер мен оқытушының өзіндік жұмысы өткізілді. Студенттер мен оқытушының өзіндік жұмысының мақсаты: өркеннің негізгі құрылымы мен қызметін, сондай-ақ оның түрленуінің өсімдіктің тіршілігіне бейімделудегі рөлін түсіндіру.

Міндеттері:

1. Өркеннің анықтамасын, құрамына кіретін мүшелерін анықтау.
2. Өркеннің негізгі қызметтерін сипаттау.
3. Өркеннің түрлену жолдарын меңгерту.
4. Түрлену арқылы өсімдіктің қор жинау, көбею немесе қорғану сияқты бейімділіктерін түсіндіру.
5. Түрленген өркендердің ауылшаруашылықтағы және экологиядағы маңызын анықтау.

Өркен – бойында бүршігі бар шыбық. Ол өсімдіктің жер үсті вегетативтік мүшесі болып табылады және сабақ пен жапырақтан тұрады. Өркеннің негізгі қызметтері: фотосинтез, заттардың тасымалдануы, көбею және қор жинау. Бүршік – болашақ өркеннің бастамасы. Ол сабақтың ұшында немесе жапырақ қолтығында орналасады. Бүршіктердің екі түрі бар: өсу бүршігі – бұтақтар мен өркендердің өсуін қамтамасыз етеді; гүл бүршігі – гүлге айналатын бүршік. Орталықта жүргізілген бақылау барысында бірнеше ағаштардың өркендері зерттелді, атап айтқанда: Қарағаш (Ulmus), Тал (Salix), Жөке (Tilia) және т.б. Аталған ағаштардың өркендерінде жапырақтардың орналасу ерекшелігін, сабақтың сыртқы қабық құрылымын, сондай-ақ бүршіктердің орналасуы зерттелді. Бұл студенттер мен оқытушының өзіндік жұмысы вегетативтік мүшелердің морфологиясын терең түсіндірді.

Ж.С.КАЖЫМУРАТОВА,
Биология, география, химия мұғалімдерін
дайындау БББ аға оқытушысы



«Гүл серігі»

Б(ІР)-11 тобының студенттері облыстық экологиялық-биологиялық орталығына барды. Осы жерде «Гүл серігі» тақырыбында лабораториялық жұмыс өткізілді.



Лабораториялық жұмыстың мақсаты: гүлдің құрылымын, бөлімдерінің атқаратын қызметін және олардың өсімдік көбеюіндегі рөлін жан-жақты меңгерту. Гүл — жабық тұқымды өсімдіктердің қысқарған, бұтақтанбайтын, түрі өзгерген, өсуі шектелген, көбеюге қабілетті, жыныс мүшелері бар споралы өркені. Ол гүл сағағынан, гүл табанынан, тостағаншадан, күлтеден, аталықтар мен аналықтан тұрады. Лабораториялық жұмыс барысында гүлдің серігімен және генеративтік мүшелері таныстырылды. Бақылау барысында гибискус, каланхое және орхидея гүлдері зерттелді. Гибискус — қос гүлсерікті, ірі әрі дұрыс симметриялы гүл, аналығы мен аталығы жақсы дамып, айқын байқалады. Каланхое гүлдері ұсақ, түтік тәрізді, қос гүлсерікті және үй жағдайына жақсы бейімделген өсімдік ретінде ерекшеленді. Орхидеяның гүлдері ерекше құрылысты, зигоморфты болып келеді; бір немесе бірнеше аталықтарының редукцияға ұшырауы, сондай-ақ гүлсерігінің әсемдігі мен түрлі пішінге бейімделуі назар аударуға тұрарлық. Сонымен қатар өсімдіктердің вегетативтік көбею тәсілдерін де зерттелді. Бұл — өсімдіктің вегетативтік мүшелері арқылы тұқымсыз көбею қабілеті. Суккулентті өсімдіктердің жапырақтарынан жаңа өскіндердің пайда болуын, аспарагустың түбіртек арқылы көбеюін, хлорофитумның тамыр ұшынан жаңа өркен беруін және көшеттерді пикировка әдісімен жеке ыдысқа отырғызу арқылы дамуын арттыру жолдары қарастырылды. Бақылау кезінде бұл өсімдіктердің вегетативтік мүшелерін мұқият зерттелді және олардың қалпына келу қабілеті мен жаңа дарақ түзу мүмкіндігі туралы нақты мағлұмат алынды. Бұл лабораториялық жұмыс гүлдің морфологиялық құрылымын және вегетативтік көбею жолдарын нақты мысалдар арқылы тереңірек түсінуге көмектесті.

Педагогическом факультете ЗКУ им. М. Утемисова стартовал методический месячник. Его открытие прошло в необычном формате арт-пространства и сразу задало яркий и креативный тон всему мероприятию. Какой станет школа будущего? Какими будут уроки, учителя и учебные материалы через 10, 20, 50 лет? Эти и другие вопросы обсуждали участники открытия в атмосфере творчества, воображения и открытого диалога.

«Будущее образования: интеграция новых парадигм обучения и творческих подходов к развитию креативности у студентов»



Первая зона превратилась в настоящий центр креатива. Участники создавали коллективный коллаж «Школа будущего», рисовали дудлы на тему «Как я учусь лучше всего?», изображали эмоции, которые вызывает процесс обучения. С помощью красок, маркеров, ассоциаций и символов каждый смог визуализировать свои представления о современной и грядущей системе образования.

Во второй зоне участники примеряли на себя роли учителей, учеников и даже ИИ-ассистентов. Импровизационные сценки на тему «Урок через 50 лет», коллективные истории и концепции «школы мечты» позволили взглянуть на образовательные процессы под новым углом и переосмыслить педагогическую реальность будущего.

Третья зона продемонстрировала, как технологии меняют подход к обучению. С помощью планшетов,

онлайн-досок и генераторов на базе ИИ участники создавали цифровые образы уроков мечты, придумывали персонажи учителей будущего и вместе конструировали модель образования 2050 года.

Четвёртая зона стала пространством осмысленного самовыражения. Участники писали письма себе в будущее, рисовали мандалы и нейрографику, делились мотивационными фразами. Это помогло каждому взглянуть вглубь своих эмоций и ценностей, связанных с обучением и преподаванием.

Особое место в программе заняло упражнение «Мосты», где участники работали в командах над актуальными вызовами образования: мотивация студентов, внедрение ИИ, развитие критического мышления и интеграция арт-практик. Каждая группа построила «мост» решений – визуальную схему или коллаж, который стал частью общего «моста инноваций»

Денсаулық - зор байлық!

Махамбет университетінде 7-мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай «Әскери-патриоттық және азаматтық тәрбие» жобасы басталды. Жобаның негізгі мақсаты – университет студенттерінің рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту, кәсіби маңызды қабілеттерін жетілдіру, қоғамда белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру, сондай-ақ жастарды әскери тәртіп пен жауапкершілікке баулу.



Жоба аясында әскери-патриоттық бағыттағы тәрбиелік іс-шаралар мен жастардың спорттық және көшбасшылық қабілеттерін шыңдайтын байқаулар оздырылмақ. Оған қоса 9 түрлі номинация бойынша жарыстар ұйымдастырылады. Бұл бастама — студенттердің патриоттық сезімін оятып, елжандылыққа тәрбиелеуге бағытталған маңызды қадам. Барша белсенді жастарды атсалысуға шақырамыз!

на весь методический месяц.

В завершение каждый участник оставил своё пожелание или идею на стикере и прикрепил его к «дереву знаний» – символу роста, развития и веры в силу образования.

Методический месячник начался нестандартно, вдохновляюще и символично. Такой формат не только позволил взглянуть на будущее образования с новой перспективы, но и подчеркнул важность творчества, междисциплинарности и технологической интеграции. Ведь именно в свободе выражения и совместной креативности рождаются настоящие перемены.

Темперамент – тұлға негізі

Педагогика факультетіндегі әдістемелік айлық шеңберінде педагогика факультетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының оқытушысы, магистр Ж.Г.Байғалиева П(ІР)-11 топ студенттеріне жалпы психология пәнінен «Темперамент және жеке адам» тақырыбында мазмұны терең, тәрбиелік мәні зор ашық сабақ өткізді. Сабақ студенттердің психологиялық білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың өзін-өзі тану қабілетін арттыруға, тұлғалық ерекшеліктерін түсінуге жол ашты.



Ашық сабақтың негізгі мақсаты – студенттерге темперамент туралы түсінік беру, әр адамның темпераментін анықтау әдістерін үйрету және оның әлеуметтік қарым-қатынасқа, кәсіби қызметке және жеке өмірге әсерін түсіндіру болды. Сабақтың құрылымы мазмұнға сай бірнеше кезеңге бөлінді: кіріспе, негізгі бөлім, практикалық жұмыс, кері байланыс, бағалау және қорытынды.

Кіріспе бөлімінде оқытушы студенттерді тақырыпқа қызықтыру мақсатында өмірден алынған жағдаяттар мен сұрақтар арқылы әңгіме жүргізді. Бұл кезең студенттердің ойлауын оятып, белсенділік

танытуына ықпал етті.

Негізгі бөлімде темперамент туралы психологиялық ілімнің тарихына шолу жасалды. Гиппократ пен И.П.Павловтың көзқарастары, темпераменттің төрт типі (сангвиник, флегматик, холерик, меланхолик) сипатталып, олардың айырмашылықтары мен ерекшеліктері теориялық тұрғыдан түсіндірілді. Әр типке қатысты мінез-құлық үлгілері мен өмірлік жағдайлар қарастырылып, бейнематериалдар көрсетілді.

Практикалық бөлімде студенттер темпераментке байланысты темпераментті анықтау тестін орындап, өз типтерін анықтады. Сонымен қатар шағын топтарға бөлініп, темпераменттің күнделікті өмірдегі көрінісіне байланысты рөлдік ойындар ұйымдастырылды. Бұл студенттердің бір-бірін тереңірек танып, өз ерекшеліктерін дұрыс қабылдауға көмектесті.

Қорытынды бөлімінде студенттер рефлексия жасап, сабақтан алған әсерлерімен бөлісті. Кері байланыс парақтары арқылы сабақтың тиімділігі бағаланды. Көптеген студенттер бұл сабақтың өзін-өзі тануға, тұлғалық даму жолдарын түсінуге ерекше әсер еткенін атап өтті.

Қорытындылай келе, «Темперамент» тақырыбындағы ашық сабақ студенттердің психологиялық танымын кеңейтіп қана қоймай, өзара сыйластық пен түсіністікке негізделген қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған маңызды іс-шара болды. Сабақ барысында қолданылған интерактивті әдістер, топтық жұмыстар мен практикалық тапсырмалар оқу үрдісінің тиімділігін арттырды. Бұл ашық сабақ жалпы психология пәнінің өмірмен тығыз байланысын айқын көрсетті және студенттердің болашақ кәсіби қызметінде темперамент ерекшеліктерін ескеруге бағыт-бағдар берді.

Ж.Г.БАЙГАЛИЕВА,

«Педагогика және психология» БББ оқытушысы, магистр

С.Қ.ЖІГЕР,

Психология (ІР)-11 топ студенті

Мен саған тәнтімін, Махамбет

Мен саған тәнтімін, Махамбет,
Ғылым мен білімнің шамшырағы.
Талайға қанат боп қақтырған,
Тарихың – елдің мақтаны.

Мен саған тәнтімін, Махамбет,
Ұрпаққа сәуле боп тараған.
Білімнің биік бір ордасың,
Ұстаздар ізінде қалмаған.

Мен саған тәнтімін, Махамбет,
Оралдың төрінде еңселі.
1932-де басталып,
Ұлт үшін жанған еңбегі.

Мен саған тәнтімін, Махамбет,
Алты бір білімнің шамы бар.
Әрбірі болашақ кілті боп,
Ұрпаққа ашылған жаңа дар.

Мен саған тәнтімін, Махамбет,
Мәдениет – өнердің бесігі.
Сахнада самғаған жастарың,
Шабытпен шырқайды есімі.

Мен саған тәнтімін, Махамбет,
Филология – сөздің құдіреті.
Ақындар, жазушылар түлеген,
Тілдердің тұнық бір өзені.

Мен саған тәнтімін, Махамбет,
Жаратылыстану – тылсым әлем.
Табиғат заңдарын зерттейтін,
Ғылымның түпсіз бір тереңі кем.

Мен саған тәнтімін, Махамбет,
География – жердің бейнесі.
Құрлықтар, өзендер, тау менен,
Жер-ананың ұлы егесі.

Мен саған тәнтімін, Махамбет,
Физика – қозғалыс, жарық нұр.
Математика – сансыз формула,
Заманның өрлеген бағы тұр.

Мен саған тәнтімін, Махамбет,
Тарихың – ғасырлық шежіре.
Экономика, құқық – мемлекет,
Тірегі, күші, негізі.

Мен саған тәнтімін, Махамбет,
Педагогика – білімнің жүрегі.
Ұстаздың алауын жаққан жер,
Шәкірттің бастаған тілегі.

Мен саған тәнтімін, Махамбет,
Ұлт үшін қызмет қылар жер.
Сан қилы мамандық, біліммен,
Өркениетке қадам дер.

Мен саған тәнтімін, Махамбет,
Ұрпағың арманын жалғайды.
Тәуелсіз ел үшін еңбек қып,
Биікке талпынар әрқайсы.

*Айдар АБАЕВ,
ГЕО-11 студенті*

Весна

Знаешь вот, весна за окном.
Я стала дышать иначе.
Как же всё-таки прекрасно,
Что я решилась не жить тобой.

Вдруг зимой мне стало так сильно холодно,
Что глаза открыть боялась сильно.
Каждое утро — испытание,
Каждый вдох — как шаг по льду.

Но теперь, когда солнце ласково,
Будит меня сквозь свои шторы,
Я чувствую: сердце — живое,
И больше не рвётся к тебе с болью.

Ты — лишь тень на стекле в моей памяти,
Я — уже не твоя история.
Пусть весна разбудит всё заново,
Без тебя. Всё во мне живое.

Я Влюблена...

Я Влюблена...
Но в кого?
Эти мысли проносятся вечно,
Я не знаю его, но люблю,
А ведь время..оно быстротечно.
Коль не встретимся в этой мы жизни,
То узнаю тебя я в другой,
Хоть живи в океане как рыба,
Хоть как птица пари над землёй.
Я найду тебя, я обещаю...
Среди тысячи звезд во вселенной,
В другом мире, красивом, но тленном,
Будь хоть камнем моим драгоценным,
На подвеске моей бесценной,
Мои чувства к тебе неизменны.
Все мгновенья с тобой мимолётные,
И как птицы они перелётные,
Полетят они в даль, но на миг,
Все равно возвратятся к тебе.
По небесной густой синеве...

Мама

Мама, ты — всё.
Мой Серафим,
Бесплотный свет в застывшей мгле.
Ты — тень, склонившаяся над сном,
Ты — след звезды в небесной пыли.

Ты — Тиамат,
Женщина без начала,
Ты — хаос,
Что держит этот мир.
Ты — шёпот, что когда-то замолчал,
Оставив в сердце зыбкий штиль.

Ты — искажение моих фантазий,
Ты — слово, сгоревшее в небыль.
Ты — в каждом вздохе — как бы прощаясь.
Ты — моя боль. И моя нежность.

И если вдруг всё станет пеплом,
Я всё равно найду твой голос
В шелесте дождя над телом.
И в пустоте, что держится на плаву.

*Нургуль КОПЖАСАР,
ФИЛ-22*

Таким бы девушкам- нам-б посвящать стихи,
Прекрасные в любое время года.
Их брови и глаза- чаруют нас они,
И сладок глас, любого слаще мёда.

Никто не пишет, даже в холода
Вас не воспеть- такое преступление!
В декабрьский канун воззрел вас, и тогда
Решил, должно быть в вашу честь творение!

Уж думал- дай-ка напишу!
Да робок я, и слабой будет ода.
И лишь краснея- тихо пробурчу:
«Счастливого грядущего вам года»
«Но есть у неё, кому представляться богиней,
Кому наблюдать её милые сердцу черты,
Кому для неё быть опорной стеною, твердыней,
Кому открывать своих жарких чувств наготы!»
*Николай ПАНФИЛОВ,
ФИЛ-22*

Я делал все как другие люди
ходил, дружил, смеялся...
И как очень сильно я старался,
Завлечь людей и пообщаться.
Но будто я сейчас другой,
Что не так и что со мной?!
Может странный я для них...
Внешним видом не понятным
Даю совсем другие вайбы.
И вот мне 20! друзей имею мало.
И они уйдут как ни в чем и не бывало
Снова остался я совсем один,
Таков мой путь, таков мой цвет,
И не жалеть о данной мне судьбе!
Пойду по ветру как во сне
И найду я точно свое место,
И как было бы чудесно -
Под одним сердцем мне пригреться...

*Руслан Скорик,
ФИЛ-22*

Любовь...

Её я чарам поддалась,
Но лишь пришла пора уйти,
И нужно было мне остыть,
Я наши чувства не смогла спасти,
И не смогла их отпустить.
Смотреть в твои глаза так больно,
Мне тяжело тебя обнять,
Но как же снова стать мне вольной,
Ведь время не вернуть назад...
Лишь звёзды будут в небе вновь,
И на глазах моих лишь слёзы,
Мне страшно так, что стынет кровь,
Оставил мне ты только грёзы.

*Анастасия КУКАЛОВА,
РЯЛ(ІР) - 12.*

Достарымды сағындым

Достарымды сағындым, жүрек нала,
Кетіп бәрі қалғандай сағым ғана.
Күлкілерің құлақта жаңғырады,
Сол кездерге оралсам тағы дауа.

Көшелерде іздеймін таныс ізді,
Сағыныштан жүрегім ауыр жүзді.
Бәрі өзгеріп кеткендей уақытпенен,
Бірақ көңіл іздейді баяғы ізді.

Қайдасыңдар, достарым, бала күнгі?
Қуаныш пен күлкісі жаңа күлгін.
Желмен бірге ескірген сол естелік,
Жанарымда жаңарып барады үнім.

Жаттап едім жүздерің жарқын нұрлы,
Кездеспегелі қаншама уақыт жылжы.
Жолдар алыс, тағдыр да ерік бермес,
Бірақ көңіл сендерді ұмытқан жоқ.

Есімде ме, албырт шақ, алаңсыз кез?
Қиял қуып, ойнаған балалық сөз.
Жадымдасың мәңгілік, өзгермейсің,
Сендер барда өмір де ғажап бір жоқ .

Хат жазайын, қаламым жүрекпенен,
Қоңырау шалсам ба деп күреспенен.
Бір кездессек, жеткілікті бәрін ұғу,
Сағынышты басатын жүрек тербен.

Кездессек қой баяғы күйімізде,
Сол қалпында қалсыншы миымызда.
Құшақтасып, мәз болып езу тартсақ,
Жүрегіміз оралар сыйымызға.

Түсіме ендің кейде бір тәтті елес,
Жатсам- тұрсам аңсаймын, кеттің емес.
Сағыныштың сәлемін жіберейін,
Жеткенінде жылытсын, өттің демес.

Жаздың самал желі де сендерді іздейді,
Қысқы аяз мұңымды әуенге тізбейді.
Көктем келсе жаңарып бәрі қайта,
Сендерменен жүрек те кері гүлдейді.

Алыстасаң, жол ұзақ, мұңым терең,
Күн де салқын, таң нұры сөнген дер ем.
Достық деген жүректе мәңгі жасар,
Қашықтықтан ешқашан өлмес дер ем.

Өмір алға жетелеп айдап кетті,
Арамызды сан белес айдап өтті.
Бірақ досқа деген шын сағыныш,
Қашықтықтан ешқашан тайған жоқ-ты.

Келші, достар, жиналайық тағы бірге,
Естелікке оралайық жан үніне.
Қуаныш пен мұңымыз ортақ болып,
Жылы сезім оралсын жаңа күнге.

Айтылмаған сөздер көп, жүрек толы,
Кездескенде ақтарам түгел соны.
Достар барда – уақыт та, өмір де әсем,
Сағыныштан айықсын жүрек зары.

Жолдар ұзақ, тағдырдың бағыты алыс,
Адал достық қалады уақыт тауыс.
Көріскенше сол күнге жүрек аман,
Жадырасын жүздерің, бақыты жарық.

Достарымды сағындым, қайта келші,
Сол бір шаққа бірге оралайық енді.
Құшақтасып, жүректі жылытар ек,
Бірге өткен күндерді қайта көрші.

*Айдар АБАЕВ,
ГЕО-11 студенті*

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издается с 30 января 2016 года

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
Ахмет Байтұрсынұлы

ЖУРНАЛИСТ

№4 (79), сәуір 2025 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

■ Ғалым сөзін естіп ал, есінде ұста!

БІЛІМДАР

Біле білсек, ғылым Алланың бір сипаты емес пе. Халық даналығында ғылым – теңіз, білім – қайық делінеді. Ғылым күні – ғалымның ерен еңбек иесінің ұлықталатын күні. Біздің Жаһанша Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі білімдар ғалымдардың том-том еңбектері мен ғылыми жазбаларын, оқу-тәрбие ісіне аса қажетті оқулықтарын, оқу құралдарын, монографиялық зерттеулерін насихаттаудан еш уақытта қалыс қалған емес. *Мақсат – біліктіңің биік тұту, ұғымдыны ұлы тұту. Себебі білімдар адам қайда барса да таза сауһар сияқты. Білімді кісі отырса, босаға да төр болады.*

2025 жылғы сәуір айының 10-ында ғылым күні мен Қазақтың Ғылым академиясының негізін қалаған Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған күніне орайластырып «Білім мен ғылымның үйлесімі – болашаққа жол» тақырыбындағы апталық аясында қазақ тіл білімінің терең білгірі, шешендіктану педагогикасының ізашары, махамбеттану, ахметтану, жұбантану, қадыртану саласындағы келелі орнықты еңбектердің иесі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қоғамдық даму департаментінің директоры, әдіскер-педагог, педагогика ғылымдарының докторы, Журналистер одағының мүшесі, қасиет қонып, құт дарыған киелі өр Махамбет білім-ғылым ордасының ұстаз-ғалымы, профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевпен «Сөз бен сыр: ғалыммен бір сөт» тақырыбында сырлы да жарасымды дидарласу-сұхбат сәті ұйымдастырылды.

Кеш шымылдығы ғалымның өмірі жолынан сыр шертер «Фибрат иесі» атты деректі фильмімен ашылды. Қазақтың ойшыл ақыны Абай Құнанбайұлының «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан, ата-анадан, ортадан» деген ғақлиялық ойы негізінде ғалым ғұмырындағы ғылымға қадамына ғалым-ұстазының жетекшілігі, ғылыми кеңесі турасында әдемі әңгіме өрілді. Ғылымның шоқ жұлдызы тұрғысында жарқырауына қазақ тіл білімінің абыз анасы, темірқазығы, аңызға

айналған ғалым-академик Нұржамал Оралбайқызы Оралбайдың таудай талабы мен нұрлы ақылы әсер еткендігін ескіrmес естелік бабында еске алып, ғылым жолындағы талмай ізденістің, төгілген тердің айқын куәсіндей, жұлдызды сәттердің шұғылалы сәулесіндей ұстазымен өткен жарқын оқиғаларымен бөлісті.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері ғалымның ойы әбден толысып, кемеріне тола екшеле жазылған **«Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»** атты монографиясын, **«Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері»** атты іргелі де толымды ғылыми еңбегін талдады. Бүгінде шешендіктану іліміне сүбелі үлес қосып жүрген профессор Абат Сатыбайұлы еңбектерінің заңды жалғасы болған, өңделе екшелген академиялық жазылымдарына шолу жасалып, өзектілігіне тоқталды. Колледж білімгерлері даналық пен даралықтың иесі, ар биігіндегі азаматқа арнап жазылған өлеңдерді образға ене, нақышына келтіре мәнерлеп оқыды.

Афоризмнің, ақыл, нақыл сөздердің тілсіз тәлімгерлігін баса айтып жүрген нар тұлғалы, өр кеуделі тарлан ұстаз «Адамның сәні- өнер, білім, ақылы, Жердің сәні – жеміс, өнім, дақылы, Сөздің сәні- өнегелі өткір нақылы, Пікірдің сәні – ойландыра мақұлы» екендігін астын сыза айтты. Белгілі ритор-педагогпен сұхбаттасу кеші тәжірибелік түйін-тұжырымдар легіне ұласып, көкірегі ояу, көзі ашық студенттерді қызықтырған сұрақтарға толымды жауап берілді.

Атақты филолог ғалым Нұржамал Оралбайға сүйене айтсақ, адам баласының көздеген алғы айқын мақсаты болмаса, оның өмірі өзге емес, өлім жалғасы іспетті. Демек, өмірлік алғы мақсатымызды айқындап, әр мезетімізді бос өткізбегенге не жетсін! Осы іспетті өмір қағидасына көз жеткізіп, тіл деп туып, тіл деп тыным таппаған ғалым өмірінің мағыналы тізбекке толығының куәсі болдық. Жиреншедей сөз бастап

Ғұлама

Байсалдылық белгісі

Профессор Абат Сатыбайұлына

Қарайтұғын белес пе бұл әр тұсқа,
Өмір толы күрес пенен тартысқа.
Ақсақалдық алыстау деп жүргенде,
Ақыл айтар келді, міне, алпыс та!

Сағынышпен еске ала ма жас шағын,
Еңбекпенен өтер сәттер қас-қағым.
Елеңдеген шәкірттерін ортаға ап,
Кемелденер одан сайын жас па бұл.

Ілім іздеп,
Аттанатын сапар көп,
Күндер, күндер ойлауменен батар көп.
Құраны оның - таусылмайтын шешендік,
Ұраны оның –
Мәңгі батыр Махамбет!

Аласармас шыңдар, сірә, тозбас тау,
Алпыс деген – байсалды боп көз тастау.
Ел алдына шығып әркез биіктен,
Оңай емес Жиреншедей сөз бастау!

Жастар үшін ескірмейтін сабақ бұл,
Даналар да ескерткіш боп қарап тұр.
Нақыл сөзін теру керек қазақтың,
Ақылын ап алпыстағы Абаттың!

Ғайсағали СЕЙТАҚ,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты

көсіле сөйлейтін дана ділмар колледж ұжымына риясыз ризашылығын, ақ жарма тілегін білдіріп, тарихы түгесілмес, сыры мұқалмас Жаһанша Досмұхамедов атындағы білім ордасының кітапханасына үш бірдей іргелі еңбегін тарту етті.

Сөз соңында Ұлы Даламыздың дана ділмарларының сөзін ғылыми айналымға енгізіп, қазақ тілін оқыту әдістемесінің өрісін кеңейткен, абыройы биік, шәкірт баулу ісінде ішкен асын жерге қоярдай қазақтың перзенті, болмысы бөлек Қыдыршаев Абат Сатыбайұлын Ғылым күнімен құттықтаймыз! Біз де өз ойымызды Ғайсағали сынды ақын ағамыздың сөзімен: *“Жастар үшін ескірмейтін сабақ бұл, Даналар да ескерткіш боп қарап тұр. Нақыл сөзін теру керек қазақтың, Ақылын ап алпыстағы Абаттың!”* деп түйіндейміз.

Баян Берікқызы ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,

Жаһанша Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы, «Білім» бейіні оқу-әдістемелік бірлестігінің әдіскері



ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМА – КӘСІБИ ДАМУДЫҢ БЕРІК БАСПАЛДАҒЫ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «7M01509» БББ магистранттары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп қайтты. Бұл тағылымдама біз үшін теориялық білімімізді тәжірибе жүзінде нығайтуға, заманауи ғылыми әдістерді меңгеруге тамаша мүмкіндік болды. Тағылымдаманың ғылыми жетекшілері ретінде жалпы биология және геномика кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Ильдербаев Оралбек Зайнолдаұлы және аға оқытушы, биология ғылымдарының кандидаты Дукенбаева Асия Дарбайқызы бекітілді. Тәжірибелі жетекшілердің қолдауымен тағылымдама барысы мазмұнды әрі нәтижелі өтті.

Тағылымдама барысында біз жалпы биология және геномика кафедрасының ғылыми-зерттеу бағыттарымен танысып, молекулалық биология, биохимия, гендік инженерия, микробиология және өсімдіктер физиологиясы сияқты салаларда қолданылатын зертханалық әдістерді тәжірибеден өткіздік. ДНҚ-ны бөліп алу, секвенирлеу, ПТР талдау сынды заманауи зерттеу әдістерін

игеру біз үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Фармакология кафедрасының профессоры Керим Мутигтің «Бүйректің құрылысы мен қызметі, дисфункциясы» тақырыбындағы мазмұнды дәрістері бізге биология мен медицинаның тоғысында тұрған күрделі мәселелерге жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар жасушалық биология және биотехнология зертханасындағы



тақырыптарымызды кеңейтуде маңызды рөл атқарды. Ғылыми тағылымдаманы сәтті аяқтап, тағылымдаманы толық меңгергенімізді растайтын арнайы сертификат алдық. Бұл біз үшін кәсіби дамудың келесі кезеңіне сенімді қадам



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» атты айлық өтті. Осы жоба аясында алты факультет арасынан оза шығып, жеңіс тұғырынан көрінген – филология факультеті болды. Факультетіміздің үздік, әрі белсенді студенттері жеңіс шарасын атап өтті.

Кеш қонақтары болып жастар департаменті және профессор-оқытушылар құрамы келді. Сонымен қатар университетіміздің бес факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасарлары іс-шара барысында бой көрсетті. Қара шаңырағымыздың бірлігін көрсетер кереметтей кеш өтті деп ауыз толтырып айта аламыз. Жаса, Махамбет!

Меруерт ҚАРЛЫБАЙ,
ҚТӘ-А-23 тобы

жұмыстар уран мен радиацияның биологиялық жүйелерге әсерін түсінуге септігін тигізді. Тағылымдама аясында Астана қаласының ботаникалық бағында өткен экскурсия бізге өсімдіктер әлемінің сан қырлы сырын ашты. Флораның байлығын өз көзімізбен көріп, анатомиялық және морфологиялық ерекшеліктерімен таныстық. «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығында жүргізілген ақпараттық-іздеу жұмыстары магистрлік диссертация

болды. Жалпы алғанда, тағылымдама ғылыми және кәсіби тұрғыдан дамуымызға зор ықпал етіп, болашақ ғылыми-зерттеу қызметімізге тың серпін берді. Біз алған білім мен тәжірибемізді алдағы уақытта өз ғылыми жұмыстарымыз бен педагогикалық қызметімізде тиімді пайдалануға ұмтыламыз.

Альбина ИСЛЯМҒАЛИЕВА,
МБ - 11 студенті

Ерікті ерлер — ардагерлерге қолдау!

Махамбет университетінде «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында «Еріктілер ерлер» акциясы өтті.

Акция барысында университетіміздің ерлер ұйымы ардагер ұстаздар мен өңір ардагерлеріне көмек қолын созып, қыстан кейінгі тұрмыс-тіршілігіне қолдау көрсетті. Еріктілер тобы Скочкова Валентина Васелиевна апайымыздың үйіне барып, тұрмыстық жағдайын жақсартуға көмектесті. Бұл – тек бастамасы! Университетіміз ардагерлерімізге үнемі көмек көрсетіп, оларды қолдауды жалғастырады.



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТУСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №КЗ27ВРУ00033105 куәлігі берілген.
Таралымы 800. Тапсырыс № 250

РЕДАКТОР: Мейірман ЖАНҒАЗАҚОВ
ТІЛШІЛЕР:

Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК,
Айару БЕЙБІТҚЫЗЫ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
тел.: 50-51-48, 51-41-99